

Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 наурыздағы N 317 қаулысы

Білім берудің сапасын және білім беру ұйымдарының білім беру қызметін мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілерін қорытынды мемлекеттік аттестаттау мен орта кәсіптік (бұдан әрі - колледждер) және жоғары кәсіптік (бұдан әрі - ЖОО) оку орындарына қабылдау емтихандарын біріктіруді қамтамасыз ететін ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізу туралы ұсынысы 2004 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары шегінде қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) 2004 жылы жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілерін қорытынды мемлекеттік аттестаттауды және колледждер мен ЖОО-ға түсү үшін конкурстық іріктеу өткізу кезінде оның нәтижелерін есепке алуды көздейтін ұлттық бірыңғай тестілеуге көшуді қамтамасыз етсін;

2) ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу ережесін бекітсін;

3) ұлттық бірыңғай тестілеу рәсімін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын;

4) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункттерін құру жөнінде шаралар қабылдасын;

5) Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігімен бірлесіп, ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру әрі өткізу мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ету үшін шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі оқушылардың тестілеу пункттеріне бару және қайту жолдарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуге арналған емтихандық материалдардың сақталуы мен тасымалдануын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуге арналған емтихандық материалдарды жеткізуудің қауіпсіздігі мен құпиялышығын қамтамасыз етсін.

5. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері ұлттық бірыңғай тестілеу өткізууді ұйымдастыруға көмек көрсетсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК